

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 6D050600 – Экономика, 6D051300 – Әлемдік экономика, 6D051700 – Инновациялық менеджмент, 6D090900 – Логистика, 6D051800 – Жобаларды басқару, 6D051000 – Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 4
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 14 адам. Диссертациялық кеңестің мүшесі, ҚазҰУ «Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика» кафедрасының профессоры Елемесов Раушан белгілі себептермен диссертациялық кеңестің 4 отырысына қатыспады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

| № | Докторанттардың ТАӘ | Докторант оқыған, ЖОО | Ғылыми жетекші |
|---|--------------------------------|--|---------------------------------|
| 1 | Темербулатова Жансая Сериковна | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті | Мухамедиев Булат Минтаевич |
| 2 | Манарбек Гүлден Манарбекқызы | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті | Кондыбаева Салтанат Канапияевна |
| 3 | Тулейбаева Айгуль Серикбаевна | Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті | Тулегенова Мадина |

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Темербулатова Жансая Сериковна – диссертациялық зерттеу ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне макроэкономикалық факторлардың әсерін бағалауға және жаһандану процестері жағдайында Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Манарбек Гүлден Манарбекқызы – диссертациялық зерттеу университеттерде бизнес саласындағы сапаны басқару құралдарына негізделген білім беру сапасын басқаруға арналған инновациялық модельді ұсыну мақсатында жүргізілген.

Тулейбаева Айгуль Серикбаевна – диссертациялық жұмыс жаһандық шындық жағдайында халықаралық еңбек нарығының дамуына технологиялық трансформацияның әсерін зерттеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Темербулатова Ж.С. диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, "Қазақстан – 2050" Стратегиясы, ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, Қазақстанның 2018-2022 жылдарға арналған ұлттық экспорттық стратегиясы сияқты мемлекеттік бағдарламаларды іске асырумен байланысты.

Манарбек Г.М. диссертациялық жұмысының тақырыбы "Елбасы Назарбаевтың Бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам" Ұлт жоспарын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырумен байланысты.

Тулейбаева А.С. диссертациялық зерттеу материалдары әзірленген 2 арнайы курста пайдаланылды: «Қазақстандық нарықтың халықаралық интеграциясының әлеуметтік-экономикалық шарттары мен перспективалары» және «Технологиялық трансформация экономикалық жүйеде жетілдірудің іргетасы ретінде», олар авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Темербулатова Ж.С. диссертациялық жұмысын практикалық тұрғыдан қарастырғанда, зерттеу нәтижесінде анықталған негізгі бағыттарға күш-жігерді шоғырландыру арқылы Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық саясатты жақсарту үшін пайдалануға болады.

Манарбек Г.М. диссертациялық жұмысында ұсынылған тұжырымдар, ғылыми және тәжірибелік ұсыныстар сыртқы орта талаптарын тиімді қанағаттандыру үшін және сапаны басқарудың жаңа тәсілдерін енгізу үшін, тек арнайы жоғары білім беру жүйесіне бейімделген EFQM бизнесті жетілдіру моделіне негізделген сапаны басқарудың тәсілдерін енгізу кезінде ескерілуі мүмкін.

Тулейбаева А.С. диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін әлемдік экономика бойынша білім беру

бағдарламаларында, магистранттарға арналған «Әлем аймақтарындағы интеграциялық процестер», «Халықаралық еңбек нарығы» оқу пәндерін оқытуда қолдануға болатындығымен негізделеді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 15 (он бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

| № | | 6D05060 0 – Экономи ка | 6D05130 0 – Әлемдік экономи ка | 6D051700 – Инновациял ық менеджмен т | 6D0909 00 – Логисти ка | 6D05180 0 – Жобалар ды басқару | 6D051000 – Мемлекет тік және жергілікті басқару |
|---|---|---------------------------------|--|--|---------------------------------|--|--|
| 1 | Қорғауға қабылданған диссертациялар | 1 | 1 | 1 | - | - | - |
| 2 | Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның | - | - | - | - | - | - |

| | | | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|---|---|
| | ішінде басқа ЖОО) | | | | | | |
| 3 | Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар | - | - | - | - | - | - |
| 4 | Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО); | - | - | - | - | - | - |
| 5 | Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар | - | - | - | - | - | - |
| 6 | Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО) | - | - | - | - | - | - |
| 7 | Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар | - | - | - | - | - | - |
| 8 | Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО) | - | - | - | - | - | - |

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Мухамедиев Б.М.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Тургинбаева А.Н.

